ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Табиғатты қорғау

АУЫЗ, ТАБИҒИ, ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ТАЗА, АҒЫН, ТАЗАРТЫЛҒАН АҒЫНДЫ СУЛАР

Кобальт, қалайы және қорғасынның массалық концентрациясын инверсиялық вольтамперметрия әдісімен анықтау

Охрана природы

ВОДА ПИТЬЕВАЯ, ПРИРОДНАЯ, ТЕХНОЛОГИЧЕСКИ ЧИСТАЯ, СТОЧНАЯ, ОЧИЩЕННАЯ СТОЧНАЯ

Определение массовых концентраций кобальта, олова и свинца методом инверсионной вольтамперометрии

ҚР СТ 2486-2014

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

gost.e-ecolog.ru

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Табиғатты қорғау

АУЫЗ, ТАБИҒИ, ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ТАЗА, АҒЫН, ТАЗАРТЫЛҒАН АҒЫНДЫ СУЛАР

Кобальт, қалайы және қорғасынның массалық концентрациясын инверсиялық вольтамперметрия әдісімен анықтау

ҚР СТ 2486-2014

Ресми басылым

Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитеті (Мемстандарт)

Астана

Алғысөз

1 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің «Қазақстан стандарттау және сертификаттау институты» республикалық мемлекеттік кәсіпорны мен № 71 «Шикізат, материалдар, заттар мен құрылыстардың экологиялық қауіпсіздігі» стандарттау бойынша ТК **ӘЗІРЛЕП ЕНГІЗДІ.**

2 Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Техникалық реттеу және метрология комитеті Төрағасының 10.10.2014 ж. № 207-од бұйрығымен **БЕКІТІЛІП ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ**.

3 Осы стандарт МУ 08-47/339 «Ауыз, минерал, табиғи және ағынды судағы қалайы мен қорғасынның массалық концентрациясын инверсиялық вольтамперометрия әдісімен анықтау әдістемесі (әдісі)», МУ 08-47/338 «Ауыз, минерал, табиғи және ағынды судағы кобальттың массалық концентрациясын инверсиялық вольтамперометрия әдісімен анықтау әдістемесі (әдісі)» талаптарын ескере отырып, құрастырылған.

4 БІРІНШІ ТЕКСЕРУ МЕРЗІМІ **2021 жыл**
ТЕКСЕРУ КЕЗЕҢДІЛІГІ **5 жыл**

5АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ

Осы стандартқа енгізілетін өзгерістер туралы ақпарат «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық көрсеткіштерінде жыл сайын, сондай-ақ мәтін өзгерістер мен түзетулер ай сайын басылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық көрсеткішінде жария етіледі. Осы стандартты қайта қарау (өзгертілу) жою жағдайында, тиісті хабарлар ай сайын басылатын «Ұлттық стандарттар» ақпараттық көрсеткішінде жария етіледі.

Осы стандарт Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Техникалық реттеу және метрология комитетінің рұқсатынсыз ресми басылым ретінде толықтай және бөлшектеліп басылып шығарыла, көбейтіле және таратыла алмайды.

Мазмұны

1	Қолданылу саласы	1
2	Нормативтік сілтемелер	1
3	Әдістің маңыздылығы	3
4	Сынамаларды іріктеу, консервациялау және сақтау	4
5	Қауіпсіздік талаптары, біліктілік талаптары мен өлшеуді орындау шарттары	4
6	Өлшеу құралдары, қосымша жабдық, ыдыс, реактивтер және материалдар	5
7	Өлшеуді орындауға дайындық	7
8	Өлшеулерді орындау	13
9	Нәтижелерді есептеу және рәсімдеу	14
10	Өлшеу нәтижелерінің тиімділігін тексеру	15
11	Өлшеу нәтижелерін рәсімдеу	16
12	Зертханада әдісті іске асыру кезінде өлшеу нәтижелерінің сапасын бақылау	16
13	Екі зертханалар үшін өлшеу нәтижелерінің тиімділігін тексеру	17
14	Өлшеу дәлдігі көрсеткіштерінің сипаттамалары	17
	А қосымшасы *(міндетті)* Талдау шарасын оперативті басқару алгоритмдері	19
	Б қосымшасы *(ақпараттық)* Вольтамперометриялық талдамалы кешенді қолдану арқылы кобальттың массалық концентрациялануын анықтау СТА	22
	В қосымшасы *(ақпараттық)* Вольтамперометриялық талдамалы кешенді қолдану арқылы қалайы мен қорғасынның массалық концентрациялануын анықтау СТА	28
	Библиография	36

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ СТАНДАРТЫ

Табиғатты қорғау

АУЫЗ, ТАБИҒИ, ТЕХНОЛОГИЯЛЫҚ ТАЗА, АҒЫН, ТАЗАРТЫЛҒАН АҒЫНДЫ СУЛАР

Кобальт, қалайы және қорғасынның массалық концентрациясын инверсиялық вольтамперметрия әдісімен анықтау

Енгізілген күні 2016-01-01

1 Қолданылу саласы

Осы стандарт ауыз, табиғи, технологиялық таза, ағын, тазартылған ағынды суларда кобальттың, қалайының және қорғасынның массалық концентрациясын анықтаудың инверсиялық-вольтамперометриялық әдісін (бұдан әрі – ИВ) белгілейді.

Кобальттың массалық концентрациясын өлшеу ауқымы 0,01-ден 1,0 мг/дм^3 дейін қоса алғанда, қалайы 0,01-ден 10,0 мг/дм^3 дейін қоса алғанда, қорғасын 0,0002-ден 1,0 мг/дм^3 дейін қоса алғанда.

2 Нормативтік сілтемелер

Осы стандартты қолдану үшін мынадай сілтемелік нормативтік құжаттар қажет:

ГОСТ 8.315-97 Мемлекеттік өлшем бірліктерін қамтамасыз ету жүйесі. Заттар мен материалдардың құрамының және сипаттарының стандартты үлгілері. Негізгі ережелер.

ГОСТ 12.1.019-79 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Электр қауіпсіздік. Жалпы талаптар және қорғау түрлерінің номенклатурасы

ГОСТ 12.4.021-75 Еңбек қауіпсіздігі стандарттарының жүйесі. Желдету жүйесі. Жалпы талаптар

ГОСТ 17.1.5.04-81 Табиғатты қорғау. Гидросфера. Табиғи су сынамаларын іріктеуге, алғашқы өңдеуге және сақтауға арналған құралдар мен құрылғылар. Жалпы техникалық шарттар

ГОСТ 17.1.5.05-85 Табиғатты қорғау. Гидросфера. Үстіңгі бет және теңіз сулары, мұздың және атмосфералық жауын-шашындардың сынамаларын іріктеуге қойылатын жалпы талаптар

ГОСТ 427-75 Металдан жасалған өлшеу сызғыштар. Техникалық шарттар.

ГОСТ 1770-74 Шыныдан жасалған зертханалық өлшеу ыдысы. Цилиндрлер, мензуркалар, құтылар, сынауқытар. Жалпы техникалық шарттар

ГОСТ 2156-76 Реактивтер. Қос көмірқышқылды натрий.

ГОСТ 2405-88 Манометрлер, вакуумметрлер, мановакуумметрлер, қысым өлшеуіштер, ауырлық өлшеуіштер және ауырлық қысым өлшеуіштер. Жалпы техникалық шарттар

ГОСТ 3118-77 Реактивтер. Тұз қышқылы. Техникалық шарттар

ГОСТ 3652-69 Реактивтер. Лимон моногидрат және сусыз қышқылы. Техникалық шарттар

ГОСТ 3760-79 Реактивтер. Сулы аммиак. Техникалық шарттар

ГОСТ 4204-77 Реактивтер. Күкірт қышқылы. Техникалық шарттар

ГОСТ 4234-77 Реактивтер. Хлорлы калий. Техникалық шарттар

ГОСТ 4461-77 Реактивтер. Азот қышқылы. Техникалық шарттар

ГОСТ 4658-73 Сынап. Техникалық шарттар

ГОСТ 5828-77 Реактивтер. Диметилглиоксим. Техникалық шарттар

ГОСТ 5839-77 Реактивтер. Қымыздық қышқылды натрий. Техникалық шарттар

ГОСТ 6709-72 Тазартылған су. Техникалық шарттар

ГОСТ 9293-74 Газ тәрізді және сұйық азот. Техникалық шарттар

ГОСТ 9736-91 Электрлік емес шамаларды өлшеуге арналған тікелей түрленген электр құралдары. Жалпы техникалық талаптар және сынақ әдістері

ГОСТ 11125-84 Ерекше таза азот қышқылы. Техникалық шарттар

ГОСТ 12026-76 Зертханалық сүзгілеу қағазы. Техникалық шарттар.

ГОСТ 13861-89 Газ-жалынды өңдеуге арналған редукторлар. Жалпы техникалық шарттар

ГОСТ 14261-77 Ерекше таза тұз қышқылы. Техникалық шарттар

ГОСТ 14262-78 Реактивтер. Ерекше таза күкірт қышқылы. Техникалық шарттар

ГОСТ 14919-83 Тұрмыстық электр плиталар, электр плиткалар және қуыру электр шкафтары. Жалпы техникалық шарттар

ГОСТ 18300-87 Ректификацияланған техникалық этил спирті. Техникалық шарттар

ГОСТ 19908-90 Мөлдір кварц шыныдан жасалған отбақыраштар, табақшалар, стақандар, құтылар, құйғыштар, сынауықтар және ұштықтар. Жалпы техникалық шарттар

ГОСТ 20490-75 Реактивтер. Марганец қышқылды калий. Техникалық шарттар.

ГОСТ 24104-2001 Зертханалық таразы. Жалпы техникалық талаптар

ГОСТ 25336-82 Шыныдан жасалған зертханалық ыдыс және жабдық. Типтер, негізгі параметрлер мен өлшемдер

ГОСТ 28165-89 Шыныдан жасалған зертханалық құралдар мен аппараттар. Аквадистилляторлар. Булағыштар. Ректификациялық қондырғылар. Жалпы техникалық талаптар

ГОСТ 28311-89 Зертханалық медициналық дозаторлар. Жалпы техникалық талаптар және сынақ әдістері

ГОСТ 28498-90 Шыныдан жасалған сұйық термометрлер. Жалпы техникалық талаптар. Сынақ әдістері.

ГОСТ 29169-91 Шыныдан жасалған зертханалық ыдыс. Бір белгісі бар тамызғылар

ГОСТ 29227-91 Шыныдан жасалған зертханалық ыдыс. Градуирленген тамызғылар. 1-бөлім. Жалпы талаптар

ГОСТ 31861-2012 Су. Сынамаларды іріктеуге қойылатын жалпы талаптар

ГОСТ 31862-2012 Ауыз су. Сынамаларды іріктеу

ГОСТ ИСО 5725-6-2003 Өлшеу әдістері мен нәтижелерінің дәлдігі (дұрыстылық пен дәлме-дәлдік). 6-бөлім. Тәжірибеде дәлдік мәндерін қолдану

Ескертпе – Осы стандартты пайдаланған жағдайда сілтемелік стандарттардың қолданысын ағымдағы жылдағы жай-күйі бойынша жыл сайын басылып шығарылатын «Стандарттау жөніндегі нормативтік құжаттар» ақпараттық сілтемесі бойынша және ағымдағы жылы жарияланған ай сайын басылып шығарылатын тиісті ақпараттық сілтемелері бойынша тексерген дұрыс. Егер сілтемелік құжат ауыстырылса (өзгертілсе) онда осы стандартты пайдаланған жағдайда ауыстырылған (өзгертілген) құжатты басшылыққа алу қажет. Егер сілтемелік құжат ауыстырылмай жойылса, онда оған сілтеме берілген ереже осы сілтемені қозғамайтын бөлікте қолданылады.

3 Әдіс маңыздылығы

Өлшеу әдістемесінің маңыздылығы су сынамаларын алдын ала дайындау процесін және бұдан әрі дайындалған сынама ерітіндісіндегі элементтердің сараптамалық сигналдарын ИВ өлшеуге негізделген.

ИВ әдісімен сынамаларды талдаудың жалпы схемасы 1-суретте көрсетілген.



1-сурет – Су сынамаларын талдау кезінде өлшеу

3.1 Кобальтты анықтау әдісінің маңыздылығы

Кобальттың массалық концентрациясын өлшеуді адсорбциялық катодты дифференциалды-импульстік инверсиялық вольтамперометрия әдісімен орындайды. Әдіс принципі осы кешенді жүйелі катодты калпына келтіруі бар индикаторлық сынапты-үлдірлік электродта кобалттың диметилглиоксиматтың алдыңғы адсорбциясына негізделген. Тіркелетін ең жоғарғы катодты ток талданатын ерітіндідегі кобальт концентрациясына сызықты байланысты.

Индикаторлық электродта кобальттың диметилглиоксиматтың адсорбциялық концентрациялау процесі 30 с бойы минус 1,0 В тең электролиздің берілген теріс потенциалы кезінде болады.

Кешенді катодты қалпына келтіру процесі және вольтамперограммада сараптамалық сигналды (катодты жоғары нүкте) тіркеу құралдың берілген сезімталдығы кезінде хлор-күмісті электродқа қатысты минус 1,0 В-дан минус 1,50 В дейін потенциалдың дифференциалды-импульсті тармақ кезінде жүргізіледі.

pH 9,2 мәні бар хлорлы-аммиакты фонда кобальт үшін тіркелетін жоғары нүкте (сараптамалық сигнал) максимумының потенциалы (минус 1,18 ± 0,05) В тең.

3.2 Қалайы мен қорғасынды анықтау әдісінің маңыздылығы

Инверсиялық вольтамперометрия әдісінің принципі дайындалған сынама ерітіндідегі электродта анықталатын элементтердің концентрациялауына және потенциал өзгерісінің белгілі бір режимі кезінде концентраттың жүйелі электр ерітуде тұрады.

Қалайы мен қорғасынның массалық концентрациясын анықтауды берілген уақыт бойы минус 1,30 В тең берілген теріс потенциалы кезінде сынаптық-үлдірлік электродта (бұдан СҮЭ) олардың иондарының электролиз жолымен жүргізеді.

Электрод бетінен элементтердің электр еру процесі және сараптамалық сигналдарын тіркеуін (қалайы мен қорғасынның анодты жоғары нүктелері) құралдың берілген сезімталдық кезінде хлорлы-күмісті электродтқа қатысты минус 0,80 В-дан минус 0,05 В

дейін сызықтық өзгеретін потенциал кезінде жүргізеді. Ең жоғарғы анодты жоғары нүкте әр элемент үшін тән белгілі бір потенциал кезінде тіркеледі және концентрациядан сызықты тәуелді.

Тұз қышқылы фонында қалайы мен қорғасынның жиынтық анодты жоғары нүкте максимумы потенциалы минус (0,4 ± 0,1) В тең, лимон қышқылы немесе натрий оксалаты фонында қорғасынның анодты жоғары нүкте максимумы потенциалы минус (0,4 ± 0,1) В тең.

Сұйытылған қышқылдар фонындағы қалайы мен қорғасынның сараптамалық сигналдарды бір және сол потенциалда тіркеледі, біркелкі пішіні бар және мүлде бөлінбейді. Осы әдіс осы элементтердің массалық концентрациясын анықтаудың әртүрлі тәсіліне негізделген: тұз қышқылы фонындағы сынамадағы қалайы мен қорғасынның жиынтық массалық концентрациясын өлшеуді орындайды; лимон қышқылы фонында сынамадағы қорғасынның массалық концентрациясын өлшеуді орындайды; алдағы концентрациялардың әртүрлілігі бойынша сынамадағы қалайының массалық концентрациясын есептейді.

Сынамадағы элементтердің массалық концентрациясын элементтердің аттестатталған қоспаларын (бұдан әрі АҚ) қосу әдісі бойынша анықтайды.

4 Сынамаларды іріктеу, консервациялау және сақтау

Судың зерттелетін сынамасын іріктеуді (қажетіне қарай консервациялауды және сақтауды) ГОСТ 17.1.5.04, ГОСТ 17.1.5.05, ГОСТ 31861, ГОСТ 31862 бойынша жүргізеді.

5 Қауіпсіздік талаптары, біліктілік талаптары және өлшеуді орындау шарттары

5.1 Жұмыстарды қауіпсіз жүргізу шарттары

5.1.1 Вольтамперометриялық талдағыштармен, қыздырғыш құралдармен және химиялық реактивтерге жұмыс істеуге құралды пайдалану жөніндегі нұсқаулықты, химиялық реактивтермен және химиялық ыдыспен жұмыс істеу ережесін білетін персонал жіберіледі.

5.1.2 Химиялық реактивтермен (уытты, ащы және тез тұтанатын заттармен) жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасы жөніндегі талаптарды сақтау қажет.

5.1.3 Электр қондырғылармен жұмыс істеу кезінде электр қауіпсіздік ГОСТ 12.1.019 және құралдарды пайдалану жөніндегі нұсқауға сәйкес келуге тиіс.

5.1.4 Зертхана орынжайы [1] бойынша өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес келуге және [2] бойынша өрт сөндіру құралдары болуға тиіс.

5.1.5 Зертхана орынжайы ГОСТ 12.4.021 сәйкес сору-тарту желдеткішімен жабдықталуға тиіс.

5.1.6 Ультракүлгін сәулелеу көзі тарту шкафында болуға тиіс.

5.1.7 Ультракүлгін сәулелену өткізбейтін қорғаныш көзілдіріксіз немесе қорғаныш экрансыз жұмыс істеуге тыйым салынады.

5.1.8 Зертханада сынапты жинау және бейтараптандыру құралдары болуы қажет (амальгамацияланған мыс тілімшесі, хлорлы темір ерітіндісі).

5.1.9 Металл сынап (1 $см^3$ артық емес) қалың қабырғалы склянкаға орналастырылған бюкске су қабаты астында сақталуға тиіс.

5.1.10 Өлшеуден кейін ерітінділерді және сынамаларды пайдаға асыруды зертханада әзірленген ерітінділер мен сынамаларды пайдаға асыру жөніндегі нормативтік құжаттарға сәйкес жүргізеді.

5.2 Маман біліктілігіне қойылатын талаптар

Өлшеуді орындауға және (немесе) олардың нәтижелерін өңдеуге химиялық зертханада жұмыс тәжірибесі бар, вольтамперометриялық талдау техникасын меңгерген, өлшеу әдістемесін игерген және өлшеуді орындау шарасын оперативті бақылаудың қанағаттанарлық нәтижелерін алған мамандар жіберіледі.

5.3 Өлшеуді орындау шарттары

Өлшеу мынадай жағдайларда жүргізіледі:

- қоршаған ауа температурасы 18 °С-тан 21 °С дейін
- атмосфералық қысым 630-дан 800 мм сынап бағанына дейін (84,0-ден 106,7 кПа дейін);
- салыстырмалы ауа ылғалдығы (60 ± 10) %;
- айнымалы ток жиілігі (50 ± 5) Гц;
- желідегі қорек кернеуі (220 ± 22) В.

Ескертпе – Құралдарда өлшеуді орындау оларды пайдалану жөніндегі нұсқауда ұсынылған шарттарда жүргізуге жол беріледі.

6 Өлшеу құралдары, қосымша жабдық, ыдыс, реактивтер және материалдар

6.1 Өлшеу құралдары

Деректерді жинау және өңдеу жүйесі бар IBM-үйлесімді компьютері немесе полярографы бар (ПУ-1 немесе басқалар) жиынтықтағы вольтамперометриялық талдағыш (СТА типті немесе басқалар). Талдағыш әдістің қателік сипаттамаларына сәйкес келетін метрологиялық сипаттамаларды қамтамасыз етуге тиіс;

24104 бойынша ± 0,0001 г рұқсат етілетін абсолютті қателіктің ең үлкен шегі бар арнайы дәлдік класты таразы;

ГОСТ 28311 бойынша 5 % артық емес салыстырмалы қателігі және 1,0-ден 2,0 мкл ден қондырғының дискреттілігі бар ДПВ-1-1-10, ДПВ-1-5-40, ДПВ-1-40-200, ДПВ-1-200-1000 типті дозатор.

Секундомер, 2 дәлдік класты, 0,2 с секундты шкаланы және 1 мин минуттік шкаланы бөлу бағасы бар, рұқсат етілген қателігі бар: 10 мин үшін ± 6 с, 60 мин үшін ± 1,8 с;

ГОСТ 28498 бойынша 0 °С -тан 50 °С дейін шегі бар зертханалық термометр.

ГОСТ 427 бойынша металл сызғыш.

6.2 Қосымша жабдық

± 15 °С өлшеу қателікті 50 °С-тан 650 °С дейін жұмыс температуралар ауқымы бар сынама дайындау кешені («Темос-Экспресс») немесе ГОСТ 9736 бойынша муфельді пеш немесе ± 25 °С қателігі бар 150 °С -тан 600 °С дейін берілген температуралық режимді ұстауды қамтамасыз ететін екі камералы зертханалық кедергі электр пеші;

ГОСТ 13861 және ГОСТ 2405 бойынша (250 ± 1) атм манометрі бар редуктор;

ГОСТ 14919 бойынша жабық шиыршықты электр плиткасы;

ГОСТ 28165 бойынша АСД-4 суды дистилдеуге арналған аппарат;

ГОСТ 19908 бойынша 20-дан 25 $см^3$ дейін сыйымдылықтағы кварцтық шыныдан жасалған стақаншалар;

Қолданыстағы нормативтік құжаттама бойынша отбақыраштықысқыштар ОҚ;

Қолданыстағы нормативтік құжаттама бойынша ұяшыққа газды қосуға арналған полиэтилен шлангілер.

6.3 Ыдыс

29227 бойынша 0,5; 2,0; 5,0; 10,0 $см^3$ сыйымдылықтағы градуирленген зертханалық шыны өлшеу тамызғылары;

ГОСТ 1770 бойынша 25,0; 50,0; 100,0; 1000,0 $см^3$ сыйымдылықтағы құтылар;

ГОСТ 1770 бойынша 10,0 $см^3$ сыйымдылықтағы цилиндрлер;

ГОСТ 25336 бойынша эксикатор.

6.4 Реактивтер мен материалдар

ГОСТ 8.315 бойынша кобальт, қалайы және қорғасын иондары ерітіндісі құрамының 1,0 мг/$см^3$ иондарының массалық үлесінің аттестатталған мәні және 1 % аттестатталған мәннің салыстырмалы қателігі бар (Р = 0,95 кезінде) мемлекеттік стандартты үлгілері (МСҮ) (мысалы, кобальт үшін МСҮ 7784-2000, МСҮ 7268-96; қалайы үшін МСҮ 5231-90, МСҮ 7238-96; қорғасын үшін МСҮ 7252-96, МСҮ 7472-98);

ГОСТ 5828 бойынша диметилглиоксим, т.ү.т;

ГОСТ 18300 бойынша техникалық ректификацияланған этил спирті;

ГОСТ 3760 бойынша сулы аммиак, т.ү.т;

ГОСТ 14262 бойынша концентрацияланған күкірт қышқылы, ер. т;

Концентрацияланған азот қышқылы ГОСТ 11125 бойынша ер.т. немесе ГОСТ 4461 бойынша х.т;

ГОСТ 3652 бойынша лимон қышқылы, х.т;

ГОСТ 14261 бойынша концентрацияланған тұз қышқылы, ер. т;

Күкір қышқылы мен калий перманганаттың қатысуымен айдалған, ГОСТ 6709 бойынша бидистилденген немесе дистилденген су (1,0 $дм^3$ дистилденген суға 0,5 $см^3$ концентрацияланған күкірт қышқылы және 3,0 $см^3$ 3 %-дық калий перманганат ерітіндісі);

ГОСТ 4658 бойынша Р-00 металл маркалы сынабы, х.т;

ГОСТ 4234 бойынша хлорлы калий, х.т;

ГОСТ 2156 бойынша қос көмірқышқылды натрий;

ГОСТ 5839 бойынша қымыздық қышқылды натрий, х.т;

ГОСТ 20490 бойынша марганец-қышқылды калий;

Қолданыстағы нормативтік құжаттама бойынша 1-ден 14 дейін pH индикаторлық әмбебап қағаз;

ГОСТ 12026 бойынша сүзгілеу зертханалық қағаз;

ГОСТ 9293 бойынша 0,03 % артық емес оттегі мөлшері бар газ тәрізді азот немесе басқа инертті газ (аргон, гелий).

Ескертпелер

1 Жоғарыда көрсетілгендерге ұқсас метрологиялық сипаттамаларды қамтамасыз ететін басқа өлшеу құралдарын, жабдықты, аппаратураны, материалдарды және реактивтер мен стандартты үлгілерді қолдануға жол беріледі.

2 Барлық қолданылатын өлшеу құралдары типті бекіту мақсатында сынақтарға немесе метрологиялық аттестаттауға, салыстырып тексеруге жатады, сынақ жабдығы өлшем бірліктерін қамтамасыз ету саласында заңнамаға сәйкес аттестатталуға тиіс.

3 Қышқыл реактивтерінің сапасын бақылаудың теріс нәтижелері кезінде ГОСТ 28165 бойынша аппараттарды қолдану арқылы айдалуы мүмкін.

7 Өлшеуді орындауға дайындық

7.1 Құралды жұмысқа дайындау

Вольтамперометриялық талдағышты дайындауды және тексеруді пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес, сондай-ақ кобальтты анықтау үшін 1-кестеге және қалайы мен қорғасынды анықтау үшін 2-кестеге сәйкес жүргізеді.

1-кесте. Су сынамаларында кобальттың массалық концентрациясын анықтау кезінде құрал жұмысының берілген режимдері

Құрал жұмысының режимі	Жұмыс режимінің параметрлері
Өлшеу жүйесі	Үш электродты
Электродтар: - жұмыс - салыстыру - қосымша	 РПЭ ХСЭ ХСЭ
Тармақ	катодты
Вольтамперограммаларды тіркеу режимі	дифференциалды-импульстік
Электр жиналуы үшін полярлайтын кернеу, В	-0,8
ВА-қисықты тіркеуінің басталу потенциалы, В	-1,0
Тармақтың соңғы керенуі, В	-1,5
Электродты тазарту потенциалы, В	-1,3
Электродты тазарту уақыты, с	20
Потенциалдың сызықтық өзгерісі жылдамдығы, мВ/с	30
Электролиз уақыты (сынамадағы элемент мөлшеріне байланысты), с	15
Сараптамалық жоғары нүкте потенциалы, В (бағдарланған мән)	-1,17
Фондық электролит	хлорлы-аммиакты буферлік ерітінді pH 9 +диметилглиоксим

2-кесте – Су сынамаларында қалайы мен қорғасынның массалық концентрацияларын анықтау кезінде құрал жұмысының берілген режимдері

Құрал жұмысының режимі	Жұмыс режимінің параметрлері	
	Қалайы	Қорғасын
Өлшеу жүйесі	қос электродты	
Тармақ	анодты	
Вольтамперограммаларды тіркеу режимі	тұрақты токты	
Электр жинау үшін полярлайтын кернеу, В	-1,30	
Электролиз уақыты, с	10 - 60	60 - 180
Вольтамперлі қисықты тіркеудің басталу потенциалы, В	-0,80	
Тармақтың соңғы потенциалы, В	-0,05	
Құрал жұмысының режимі	Анықталатын элемент	
	Қалайы	Қорғасын
Электродты тазарту потенциалы, В	-0,05	
Тазарту уақыты, с	20	
Потенциалдың сызықтық өзгерісінің жылдамдығы, мВ/с	60	
Вольтамперограмманы тіркеу кезінде құрал сезімталдығы (А/мм)	$(1 - 10)\cdot10^{-9}$ (талданатын сынамадағы элемент мөлшеріне байланысты)	
Фондық электролит	қалайы мен қорғасынның жиынтық концентрациясы анықталады - 2 моль/дм^3 молярлық концентрациялы тұз қышқылы ерітіндісі	0,1 моль/дм^3 молярлық концентрациялы қымыздық қышқылды натрий ерітіндісі немесе 0,3 моль/дм^3 молярлық концентрациялы лимон қышқылы ерітіндісі
Анодты жоғары нүкте потенциалы, В	қалайы мен қорғасынның жиынтық жоғары нүкте -(0,4 ± 0,1) В	-(0,4 ± 0,1)

7.2 Зертханалық ыдысты дайындау

7.2.1 Жаңа зертханалақы шыны ыдысты, ауысымды дозатор ұштықтарды, тамызғыларды азот қышқылымен жуады, содан кейін күкірт қышқылымен және 3-4 рет бидистилденген сумен жуады.

Ластанған кварцтық стақаншаларды сүзгілеу қағазының көмегімен құрғақ ас тұзымен үйкелейді, 3-4 рет ең алдымен су құбырынан аққан сумен, содан кейін бидистилденген сумен шаяды. Содан кейін әр стақаншаға 0,1 -ден 0,2 см^3 дейін концентрацияланған күкірт қышқылын қосады, стақаншаларды 300 °С -тан 350°С дейінгі

температуралар кезінде электр плиткаға немесе «Темос-Экспресс» (қақпағы ашық кезінде) сынама дайындау кешеніне салады. Күкірт қышқылы буларының бөлінуі толық аяқталғаннан кейін стақаншалар қабырғасынан оларды 500 °С –тан 600 °С дейін температура кезінде 10 минуттан 105 минутқа дейін муфельді пеште немесе «Темос-Экспресс» сынама дайындау кешенінде (қақпағы жабық кезінде) қыздырады.

Ауыстырылатын кварцтық стақаншаларды эксикаторда сақтайды.

Элементтердің массалық концентрациясын өлшеуді орындау кезінде тікелей дайындалған ыдысты қолданар алдында қосымша 0,1 моль/дм^3 молярлық концентрациялы азот қышқылы ерітіндісімен жуады және бидистилденген сумен мұқият шаяды.

7.2.2 Талдауға арналған стақаншаларды тазалыққа тексеруді фондық электролит вольтамперограммаларды тіркеу жолымен жүргізеді.

Өлшеу кезінде қолданылатын ең жоғарғы жинау уақыты кезінде нөлге жақын немесе тең фондық электролит ерітіндісіндегі элементтердің сараптамалық сигналдарын алған жағдайда реактивтердің мұндай сапасы мен ыдыс тазалығы ұтымды болып табылады.

7.3 Электродтарды дайындау және сақтау

7.3.1 Индикаторлық (жұмыс) сынаптық-үлдірлік электродты дайындау

Индикаторлық сынаптық-үлдірлік электрод (бұдан әрі СҮЭ) 5 мм-ден 7 мм дейін ұзындықта 0,8 мм диаметрлі қыспақталған күміс сымы бар полиэтилен өзекшесін ұсынады, бет ауданы шамамен 0,2 см^2 құрайды. СҮЭ жұмысқа дайындау үшін амальгамациялауды жүргізеді, яғни күміс сым бетіне 10 мкм-дан 20 мкм дейін сынап үлдірін салады.

Сынаппен жабуды 2-ден 3 с дейін металл сынапқа СҮЭ (күміс сым) жұмыс блігін түсіру жолымен жүргізеді, содан кейін сынапты күміс беті бойынша біркелкі бөлу үшін сүзгілеу қағазымен үйкелейді. Егер күміс сым ұшында сынаптың артық мөлшері «тамшы» түрінде салпылдап тұрса, оны сынабы бар бюкске алып тастайды. Электродты бидистилденген сумен жуады.

Электродтың жұмыс бетін амальгамациялау шарасын электрод бетінде амальгамацияланбаған учаскелерінің пайда болуы кезінде қайталайды. Бетінде сұр қақтың түзілуі кезінде электродты сүзгілеу қағазымен үйкелейді.

Талдау жүргізгеннен кейін электродтардың жұмыс бетін бидистилденген сумен шаяды. Жұмыс бөлігін бидистилденген суға батыра отырып, электродтарды сақтайды.

7.3.2 Салыстыру электроды – хлор-күмісті электролдты дайындау

Салыстыру электроды – хлор-күмісті электрод (бұдан әрі ХКЭ) жартылай өткізетін тығыны бар тефлонды корпусқа салынған күмік хлоридімен жабылған күміс сымнан жасалған шиыршықты ұсынады. Күміс сым ұшы құралға қосуға арналған ток шығаратын контакті бар.

ХКЭ дозатормен немесе шприцпен 1 моль/дм^3 концентрациялы калий хлориді ерітіндісін толтырады, тығынмен жабады және потенциалдың тепе-тең мәнін белгілеу үшін кем дегенде 2 сағат ұстайды.

1 моль/дм^3 молярлық концентрациялы калий хлориді ерітіндісінде электродтарды сақтайды. Электродтарды толтыруды 2 аптада 1 рет жүргізеді.

7.3.3 Қосымша электрод – шыны-көміртекті электродты жұмысқа дайындау

Жұмыста ине тәрізді немесе тік қойылған электродты қолданады. Ине тәрізді қосымша электрод тефлон түтікшеге желімделген шыны тәрізді графиттен дайындалған. Қосымша шыны-көміртекті электрод фторқабатты ұстағышта қыспақталған 2 мм диаметрдегі және 10-нан 15 мм дейін ұзындықта көрсетеді.

Жұмыс алдында электродты сүзгіде тегістейді, этил спиртінде 2 минуттан 5 минутқа дейін ұстайды (беттік-белсенді органикалық заттарды алып тастау үшін, сондай-ақ

адсорбцияланған бөлшектерден тазарту үшін).

7.3.4 Индикаторлық электродтың, салыстыру электродының және қосымша электродтың жұмысын тексеруді 8-бөлімге сәйкес жүргізеді.

7.4 Ерітінділерді дайындау

7.4.1 100 мг/дм^3 массалық концентрациялы кобальт, қалайы және қорғасын иондарының негізгі ерітінділерін (бұдан әрі НЕ) кобальттың, қалайының және қорғасынның 1 мг/см^3 (1000 мг/дм^3) массалық концентрациясының аттестатталған мәндері бар мемлекеттік стандартты үлгілерінен (бұдан әрі МСҮ) дайындайды.

7.4.1.1 Кобальттың НЕ дайындау

50 см^3 сыйымдылықтағы өлшеу құтысына тамызғының немесе дозатордың көмегімен 1 мг/см^3 (1000 мг/дм^3) концентрациялы кобалттың 5 см^3 стандартты үлгісін енгізеді және белгіге дейін бидистилденген сумен көлемін жеткізеді.

7.4.1.2 Қорғасынның НЕ дайындау

50 см^3 сыйымдылықтағы өлшеу құтысына тамызғының немесе дозатордың көмегімен қорғасын құрамының 5 см^3 стандартты үлгісін енгізеді және белгіге дейін 0,1 моль/дм^3 концентрациялы азот қышқылы ерітіндісімен жеткізеді.

7.4.1.3 Қалайының НЕ дайындау

50 см^3 сыйымдылықтағы өлшеу құтысына тамызғының немесе дозатордың көмегімен қалайы құрамының 5 см^3 стандартты үлгісін енгізеді және белгіге дейін 3 моль/дм^3 молярлық концентрациялы тұз қышқылы ерітіндісімен жеткізеді.

Ескертпе – негізгі ерітінділерді дайындау кезінде металл иондарының МСҮ қолдану жөніндегі нұсқаулықты қолдану ұсынылады.

7.4.2 Жұмыс ерітінділерін дайындау

Жұмыс ерітінділерін немесе АҚ-1, АҚ-2, АҚ-3 сериялы аттестаталған қоспаларды 10,0 массалық концентрациясымен дайындайды; 1,0 және 0,5 мг/дм^3 кобальт үшін және 10,0; 5,0 және 1,0 мг/дм^3 қорғасын мен қалайы үшін.

7.4.2.1 кобальт үшін жұмыс ерітінділерді немесе аттестатталған қоспаларды 50,0 см^3 сыйымдылықтағы өлшеу құтыларына ерітінділерді тиісті сұйылтуларымен және 3-кестеге сәйкес белгіге дейін бидистилденген сумен жеткізу арқылы дайындайды.

3-кесте – Кобальт үшін аттестатталған қоспаларды дайындау

АҚ дайындау үшін бастапқы ерітінді концентрациясы, мг/дм^3	АҚ дайындау үшін іріктелетін көлем, см^3	Өлшеу ыдысының көлемі, см^3	Дайындалған АҚ концентрациясы, мг/дм^3	АҚ белгіленуі	Сақтау мерзімі, тәул
100	5,0	50	10,0	АҚ-1	30
10	5,0	50	1,0	АҚ-2	14
10	2,5	50	0,5	АҚ-3	14

7.4.2.2 Жұмыс ерітінділерді немесе аттестатталған қоспаларды 50 см^3 сыйымдылықтағы өлшеу құтыларында ерітінділерді тиісті сұйылту арқылы, 4-кестеге сәйкес қорғасын үшін 0,1 моль/дм^3 концентрациялы азот қышқылымен белгіге жеткізе отырып, қалайы үшін 3 моль/дм^3 молярлық концентрациялы тұз қышқылы ерітіндісімен белгіге жеткізе отырып дайындайды.

4-кесте – Қалайы мен қорғасын үшін аттестатталған қоспаларды дайындау

АҚ дайындау үшін бастапқы ерітінді концентрациясы, мг/дм^3	АҚ дайындау үшін іріктелетін көлем, см^3	Өлшеу ыдысының көлемі, см^3	Дайындалған АҚ концентрациясы, мг/дм^3	АҚ белгіленуі	Сақтау мерзімі, тәул
100	5,0	50	10,0	АҚ-1	30
100	2,5	50	5,0	АҚ-2	30
10	5,0	50	1,0	АҚ-3	15

7.4.3 1,0 моль/дм^3 молярлық концентрациялы калий хлориді ерітіндісін дайындау

Сараптамалық таразыда (7,5 ± 0,1) г салмақта калий хлориді өлшендісін өлшейді, 100 см^3 сыйымдылықтағы өлшеу құтысына ауыстырады, бидистилденген судың шамалы мөлшерін қосады және ерітеді. Толық ерігеннен кейін ерітінді көлемін белгіге дейін бидистилденген сумен жеткізеді және мұқият араластырады.

7.4.4 0,1 моль/дм^3 молярлық концентрациялы диметилглиоксим ерітіндісін дайындау

Сараптамалық таразыда (0,290 ± 0,002) г диметилглиоксим өлшендісін өлшейді, 25 дм^3 сыйымдылықтағы өлшеу құтысына ауыстырады, этил спиртінің шамалы мөлшерін қосады және ерітеді. Толық ерігеннен кейін көлемді белгіге дейін этил спиртімен жеткізеді және мұқият араластырады. Ерітіндіні қараңғы жерде сақтайды.

7.4.5 Фондық электролитті (кобальтты анықтау үшін), pH 9,2 хлоридті-аммиакты буферлік ерітіндіні дайындау

Сараптамалық таразыда (0,534 ± 0,001) г салмақтағы хлорид аммоний өлшендісін алады, 100, см^3 сыйымдылықтағы өлшеу құтысына ауыстырады, бидистилденген судың 1/3 көлемін құяды, тұз өлшендісін ерітеді, 1 -ден 1,5 см^3 дейін аммиактың концентрацияланған су ерітіндісін қосады және белгіге дейін бидистилденген сумен жеткізеді. Ерітіндінің pH мәні индикаторлық қағаз бойынша бақылайды.

7.4.6 Фондық электролитті (қалайы мен қорғасынның жиынтық концентрациясын анықтау үшін) – 2 моль/дм^3 молярлық концентрациялы тұз қышқылының ерітіндісін дайындау

250 см^3 сыйымдылықтағы өлшеу құтысына бидистилденген судың 2/3 көлемін құяды және 41,6 см^3 концентрацияланған тұз қышқылын қосады, араластырады. Құтыдағы ерітінді көлемін белгіге дейін бидистилденген сумен жеткізеді.

7.4.7 0,1 моль/дм^3 молярлық концентрациялы фондық электролитті дайындау (қымыздық қышқылды натрий ерітіндісі)

(3,35 ± 0,01) г салмақтағы қымыздық қышқылды натрий өлшендісін 250 см^3 сыйымдылықтағы өлшеу құтысына ауыстырады, бидистилденген судың 1/3 көлемін құяды, араластырады және әлсіз қыздыру кезінде өлшендіні ерітеді. Құтыда ерітіндіні салқындатады және белгіге дейін бидистилденген сумен жеткізеді.

7.4.8 0,3 моль/дм^3 молярлық концентрациялы фондық электролитті дайындау (лимон қышқылы ерітіндісі)

(14,41 ± 0,01) г салмақтағы лимон қышқылының өлшендісін 250 см^3 сыйымдылықтағы өлшеу құтысына салады, бидистилденген судың 1/3 көлемін құяды және араластырады. Толық ерігеннен кейін көлемді бидистилденген сумен белгіге дейін жеткізеді.

7.5 Сынамаларды дайындау

Су сынамаларын талдауды жүргізу үшін екі параллель және бір «бос» сынаманы немесе екі параллель және бір «резервтік» сынаманы алады.

7.5.1 Кобальт мөлшерін анықтау үшін су сынамасын дайындау

5 -тен 10 $см^3$ дейін көлемі бар су сынамасын (күтілетін концентрацияға байланысты) 20 $см^3$ көлемі бар таза кварцтық стақаншаға салады. Сынамасы бар стақаншаны 130 °С-тан 140 °С дейін температураға дейін қыздырылған плиткаға немесе «Темос-Экспресс» сынаманы дайындау кешеніне салады және стақаншадағы ерітіндіні осы температура кезінде құрғақ тұздарға дейін булайды.

Стақаншаны «Темо-Экспресс» сынаманы дайындау кешенінен алады немесе плиткадан түсіреді, бөлме температурасына дейін (18 °С-тан 21 °С дейін) суытады, 0,3-тен 0,5 $см^3$ дейін концентрацияланған күкірт қышқылын (стақанша қабырғасын мұқият шая отырып) қосады. Содан кейін қайтадан «Темо-Экспресс» сынаманы дайындау кешеніне немесе муфельді пешке қояды, күкірт қышқылы буларын бөлуді толық аяқтағанға дейін 300 С температура кезінде қыздырады. 570°С дейін температураны көбейтеді және осы температурада 15 мин ұстайды.

Стақаншаны алады, бөлме температурасына дейін (18 °С-тан 21 °С дейін) суытады, 0,3 $см^3$ концентрацияланған тұз қышқылын қосады. Қайтадан «Темос-Экспресс» сынаманы дайындау кешеніне немесе плиткаға қояды және 120 °С температурасы кезінде сынама құрғағанға дейін булайды.

Стақаншаны алады, салқындатады, 7.4.5 бойынша фондық электролиттің 10 $см^3$ ерітіндісін құяды, 0,1 моль/$дм^3$ молярлық концентрациялы 0,03 $см^3$ диметилглиоксимді қосады.

7.5.2 Қалайы мен қорғасын мөлшерін анықтау үшін су сынамасын дайындау

5 $см^3$ –ден 10 $см^3$ дейін көлемі бар су сынамасын (күтілетін концентрацияға байланысты) 20 $см^3$ көлемдегі таза кварцтық стақанға салады. Сынамасы бар стақанды 130 °С -тан 140 °С дейін температураға дейін қыздырылған плиткаға немесе «Темос-Экспресс» сынаманы дайындау кешеніне қояды, құрғақ тұзға дейін стақаншада ерітіндіні булауға дейін осы температура кезінде ұстайды.

Стақаншаны «Темос-Экспресс» сынама дайындау кешенінен шығарады немесе плиткадан алады, бөлме температурасына дейін (18 °С -тан 21 °С дейін) салқындатады, 0,3 –тан 0,5 $см^3$ дейін концентрацияланған күкірт қышқылын (стақан қабырғасын мұқият шая отырып) қосады. Содан кейін қайтадан (Темос-Экспресс» сынама дайындау кешеніне немесе муфельді пешке салады, күкірт қышқылынан бу бөліну толық аяқталғанға дейін 300 °С температура кезінде қыздырады. 450°С дейін температураны көбейтеді және осы температура кезінде 15 мин ұстайды.

Содан кейін стақаншаны шығарады, бөлме температурасына дейін (18 °С-тан 21 °С дейін) суытады. 0,3 $см^3$ концентрацияланған тұз қышқылының ерітіндісін қосады. Қайтадан «Темос-Экспресс» сынама дайындау кешенінен немесе плиткаға салады және 120 °С температура кезінде сынаманы құрғағанша булайды.

Стақанды шығарады, салқындатады, 10 -нан 12 $см^3$ дейін фондық электролит ерітіндісін құяды: қалайы мен қорғасынның жиынтық мөлшерін анықтау үшін – 2 моль/$дм^3$ молярлық концентрациялы тұз қышқылы ерітіндісі; қорғасынды анықтау үшін - 0,3 моль/$дм^3$ молярлық концентрациялы лимон қышқылы ерітіндісі немесе 0,1 моль/$дм^3$ молярлық концентрациялы қымыздық қышқылды натрий ерітіндісі.

7.5.4 Барлық элементтердің концентрациясын анықтау кезінде «бос» сынаманы дайындау

Барлық элементтердің концентрациясын анықтау кезінде «бос» сынаманы дайындауды талданатын бидистилденген судың орнына қолдана отырып, сол мөлшерде және жүйелілікте сол реактивтерді қоса отырып, 7.5.1-7.5.3 ұқсас жүргізеді. «Бос»

сынаманы өлшеуді реактивтер топтамасының ауысуы, ыдыстарды ауыстыру және т.б кезінде міндетті түрде жүргізеді.

Егер – Егер сынамадағы элемент концентрациясы анықталатын концентрация ауқымының жоғарғы шекарасынан шықса, өлшеуге дайындалған сынаманы сұйылтуға жол береді. Егер элемент концентрациясы анықталатын концентрация ауқымының төменгі шекарасынан шықса, талданатын сынаманың көп көлемін алуға және булау жолымен элементті концентрациялауға жол береді.

8 Өлшеулерді орындау

Сараптамалық вольтамперометриялық кешен құралға арналған нұсқауға сәйкес жұмысқа алдын ала дайындалуға тиіс.

Кобальттың, қалайының және қорғасынның массалық концентрациясын анықтау үшін өлшеулердің ВА орындауын кезінде мынадай операцияларды орындайды:

- 1, 2-кестелерге сәйкес өлшеу параметрлерін белгілейді;
- құралға арналған нұсқауға сәйкес тазалыққа электр-химиялық ұяшықтарды (электродтар, фондық электролит ерітіндісі) тексеруді жүргізеді;
- құралға арналған нұсқауға сәйкес дайындалған ерітіндіде құрауыштың сараптамалық сигналы (I_1) – вольтамперограмманы тіркеуді жүргізеді;
- құралға арналған нұсқауға сәйкес құрауыштың АС енгізілген қоспасы бар сынама ерітіндісінде құрауыштың сараптамалық сигналы (I_2) – вольтамперограмманы тіркеуді жүргізеді.

Құрауыштың сараптамалық сигнал (жоғары нүкте) шамасы құрауыштың массалық концентрациясына пропорционал.

Әр элемент бойынша үш стақанда екі параллель және бір резервтік сынаманы талдауды бір уақытта жүргізу ұсынылады.

СТА кешенінде өлшеуді орындау үлгілері Б, В қосымшаларында келтірілген.

Ескертпе – Тұз қышқылы фонында қалайы мен қорғасын жалпы анодты жоғары нүктені береді. Қалайы мөлшерін қымыздық қышқылды натрий немесе лимон қышқылы фонында табылған (қалайы осы фондарда пайда болмайды), тұз қышқылы мен қорғасынның массалық концентрациясы фонында табылған қалайы мен қорғасынның жиынтық массалық концентрациясының әртүрлілігі бойынша анықтайды. Элементтердің массалық концентрациясын өлшеуді жүргізудің жалпы схемасы 2-суретте келтірілген.

Қалайы мен қорғасынның массалық концентрациясын анықтау үшін ИВ-өлшеулерін немесе қалайы немесе қорғасынды өлшеуді жүргізу кезінде трассада кейбір мәндерді өзгерте отырып, бір және сол трассаны қолданалы (егер бұл қажет болса, мысалы, жинау уақытын көбейтеді және бөледі).



2-сурет – Қалайы мен қорғасынның массалық концентрациясын өлшеу схемасы

9 Нәтижелерді есептеу және рәсімдеу

Талданатын сынамадағы кобальттың, қалайының және қорғасынның массалық концентрациясын құралға программалық қамтамасыз ету көмегімен есептейді.

Концентрациялар есебі осы сәтте алынған қисықтарды өңдеу нәтижелерінің орташа мәні бойынша жүргізеді. Орташалаудан кейін есеп орташа «фон, сынама және қоспа» қисықтар бойынша жүргізіледі.

9.1 Сынамада кобальт пен қорғасынның массалық концентрациясын X, мг/дм^3; қалайы мен қорғасынның жиынтық концентрациясын $X_{1сум}$, мг/дм^3, (1) формула бойынша есептейді:

$$X(X_{1сум}) = \frac{I_{пробы} \times C_{добавки} \times V_{добавки} \times V_{минерализата}}{(I_{пробасдобавкой} - I_{проба}) \times V_{аликвота} \times M_{навеска}}, \quad (1)$$

мұнда $I_{\text{сынама}}$ – қисық сынамада элементтің жоғарғы нүктесі тогының биіктігі;

$C_{\text{қоспа}}$ – АС элементтің массалық концентрациясы, мг/дм^3;

$V_{\text{қоспа}}$ – қоспа көлемі, см^3;

$V_{\text{минерализат}}$ – минерализат көлемі, см^3;

$I_{\text{қоспасы бар сынама}}$ – АС элементінің қоспасы бар сынаманың ВА-қисығындағы күміс жоғары нүктесі тогының биіктігі;

$V_{\text{аликвоттары}}$ – аликвот көлемі, см^3;

$M_{\text{өлшенді}}$ – сынама көлемі, дм^3.

9.2 Қалайының массалық концентрациясын X_{1Sn}, мг/дм^3, қалайы мен қорғасынның жиынтық концентрациясының айырмашылығы бойынша, және сынамадағы қорғасынның массалық концентрациясын (2) формула бойынша есептейді:

$$X_{1Sn} = X_{1сум} - X, \quad (2)$$

Есептеулерді X_1 және X_2 мәндерін ала отырып екі параллель талданған сынамалардың әрқайсысы үшін жүргізеді.

10 Өлшеу нәтижелерінің тиімділігін тексеру

10.1 Өлшеу нәтижесі үшін $\overline{X}$ (3) шарт орындалатын X_1 және X_2 (параллель анықтаулар) қайталанушылық жағдайында алынған өлшеудің екі нәтижелерінің орташа арифметикалық мәнін қабылдайды:

$$\left|X_1 - X_2\right| \le 0{,}01 \times r \times \frac{X_{1_1} + X_2}{2}, \qquad (4)$$

мұнда r – салыстырмалы бірліктерде өрнектелген қайталанушылық шегі. Қайталанушылық шегі мәндері 5-кестеде келтірілген.

10.2 (2) шартты орындау кезінде тағы да бір өлшеу нәтижемін қосымша алады. Өлшеу нәтижелері үшін (3) шарт орындалатын қайталанушылық жағдайында алынған өлшеулердің орташа арифметикалық үш нәтижелерін қабылдайды:

$$\left|X_{\max} - X_{\min}\right| \le 0{,}01 \times CR_{0{,}95}(3) \times \frac{X_1 + X_2 + X_3}{3}, \qquad (4)$$

мұнда $CR_{0{,}95}(3)$ – ауыспалы ауқым

Ауыспалы ауқым мәндері 5-кестеде келтірілген.

10.3 (3) шартты орындамаған кезде өлшеудің соңғы нәтижесі ретінде қайталанушылық жағдайында алынған өлшеулердің үш нәтижесінің (параллель анықтаулар) медианын қабылдайды.

10.4 Екі зертханада алынған өлшеу нәтижелері арасындағы айырмашылық (5) шарт кезінде жаңғыртушылық шегінен аспауға тиіс:

$$\left|\overline{X}_1 - \overline{X}_2\right| \le 0{,}01 \times R \times \frac{\overline{X}_1 + \overline{X}_2}{2}, \qquad (5)$$

мұнда $\overline{X}_1$ және $\overline{X}_2$ - әртүрлі зертханаларда алынған күмістің массалық концентрациясын өлшеу нәтижелері – (2) шарт орындалатын қайталанушылық жағдайында алынған өлшеулердің орташа арифметикалық екі нәтижелері;

R – салыстырмалы бірліктерде өрнектелген жаңғыртушылық шегі. Жаңғыртушылық шегінің мәндері 5-кестеде келтірілген.

10.5 (4) шартты орындау кезінде өлшеудің екі нәтижесі де тиімді, және соңғысы ретінде олардың орташа арифметикалық мәні қолданылуы мүмкін.

5-кесте - P = 0,95 сенімді ықтималдық кезінде қайталанушылық шегінің, ауыспалы ауқымның және жаңғыртушылық шегінің мәндері

Көрсеткіш атауы	Өлшеу ауқымы, мг/дм³	Қайталанушылық шегі, r	Ауыспалы ауқым, $CR_{0{,}95}(3)$	Жаңғыртушылық шегі, R
Кобальт	0,01-ден 1,0 дейін қоса алғанда	$0{,}33 \times \overline{X}$	$0{,}40 \times \overline{X}$	$0{,}47 \times \overline{\overline{X}}$

Қалайы	0,01-ден 10,0 дейін қоса алғанда	$0,31\times\overline{X}$	$0,36\times\overline{X}$	$0,42\times\overline{\overline{X}}$
Қорғасын	0,0002-ден 0,02 дейін қоса алғанда	$0,33\times\overline{X}$	$0,40\times\overline{X}$	$0,45\times\overline{\overline{X}}$
	0,02-ден 1,0 дейін қоса алғанда	$0,20\times\overline{X}$	$0,23\times\overline{X}$	$0,25\times\overline{\overline{X}}$
$\overline{X}$ - элементтің массалық концентрациясын параллель анықтаулар нәтижесінің орташа арифметикалық мәні $\overline{\overline{X}}$ - екі зертханада алынған талдау нәтижелерінің орташа арифметикалық мәні				

11 Өлшеу нәтижелерін рәсімдеу

11.1 Өлшеу нәтижелерін, мг/дм^3, Р = 0,95 кезінде мынадай түрде ұсынады:

$$\Delta_Л \le \Delta \text{ шарты кезінде } \left(\overline{X} \pm \Delta\right) \text{ немесе } \left(\overline{X} \pm \Delta_Л\right),$$

мұнда $\overline{X}$ – өлшеу нәтижесі;

$\Delta_Л$ – зертханада әдістемені іске асыру кезінде белгіленген өлшеу нәтижелерінің қателік сипаттамаларының мәні;

Δ – (6) формуласы бойынша есептелетін өлшеулерді орындау қателігі сипаттамаларының мәні:

$$\Delta = 0,01\times\delta\times\overline{X}, \qquad (6)$$

мұнда δ - 6-кестеге сәйкес әдістің дәлдік көрсеткіштерінің (қателік сипаттамалары) салыстырмалы мәні.

6-кесте - Р = 0,95 сенімді ықтималдық кезінде әдіс дәлдігі көрсеткішінің салыстырмалы мәні

Көрсеткіш атауы	Өлшеу ауқымы, мг/дм^3	Дәлдік көрсеткіші (әдістеме қателігі болатын шекара), δ^1, %
Кобальт	0,01-ден 1,0 дейін қоса алғанда	34
Қалайы	0,01-ден 10,0 дейін қоса алғанда	30
Қорғасын	0,0002-ден 0,02 дейін қоса алғанда	31
	0,02-ден 1,0 дейін қоса алғанда	20
δ^1 – k = 2 қамту коэффициенті бар кеңейтілген салыстырмалы белгісіздік сәйкес келеді		

11.2 Өлшеу нәтижесінің сандық мәні параллель анықтаулар нәтижелерінің қайталанушылық шегіндегі мән сияқты разрядтың цифрымен аяқталуға тиіс. Қайталанушылық шегі мәні екі маңызды цифрден артық емес құрауға тиіс.

12 Зертханада әдісті іске асыру кезінде өлшеу нәтижелерінің сапасын бақылау

12.1 Зертханада әдісті іске асыру кезінде өлшеу нәтижелерінің сапасын бақылау мыналарды қарастырады:

- талдау шарасын оперативті бақылау (жеке алынған бақылау шарасын іске асыру кезінде талдау нәтижелерінің қателігін бағалау негізінде);

- талдау нәтижелерінің тұрақтылығын бақылау (зертханаішілік дәлме-дәлдік, қателік, қайталанушылықтың орташа шаршылық ауытқуы тұрақтылығын бақылау негізінде).

12.2 Талдау шарасын оперативті бақылау (өлшеуді орындау) жүргізеді:

- зертханада өлшеуді орындау әдісін енгізу кезінде;

- талдау процесінің тұрақтылығына әсер етуі мүмкін факторлар пайда болған кезде (мысалы, реактивтер топтамасының ауысуы кезінде, құралды жөндегеннен кейін, талдаулар арасында ұзақ уақыт аралығы кезінде және т.б.).

Талдау шарасының оперативті бақылауын жұмыс сынамаларын талдауды жүргізуге олардың дайындығын тексеру мақсатында орындаушының өзі жүргізеді.

Талдау шарасын оперативті бақылауды А қосымшасына сәйкес немесе [5] бойынша жүргізеді.

12.3 Талдау нәтижелерінің тұрақтылығын бақылау нысандарының бірі

- өлшеу нәтижелерінің қателігінің қажетті деңгейінде бақылау және ұстау жолымен;

- зертхана ішілік дәлме-дәлдіктің қажетті деңгейінде бақылау және ұстау жолымен;

- параллель анықтаулар нәтижелерінің қайталанушылығының қажетті деңгейінде бақылау және ұстау жолымен іске асырылған бақылау карталарын қолдану арқылы зертхана шегінде талдау нәтижелерінің тұрақтылығын бақылау болып табылады.

12.4 Зертхана шегінде алынған өлшеу нәтижелерінің дәлдігін бақылау шаралары мен кезеңділігін ГОСТ ИСО 5725-6 немесе [5] бойынша талаптарды есепке ала отырып жүргізеді.

13 Екі зертханалар үшін өлшеу нәтижелеренің тиімділігін тексеру

13.1 Жаңғыртушылық жағдайында алынған өлшеу нәтижелерінің тиімділігін тексеруді (екі зертханаларда, m = 2), 3-кестеге сәйкес жаңғыртушылық шегіне немесе ГОСТ ИСО 5725-6 сәйкес өлшеудің екі орташа арифметикалық нәтижелері үшін ауыспалы айырмашылыққа қатынасы бойынша ГОСТ ИСО 5725-6 талаптарын есепке ала отырып жүргізеді.

Екі зертханада алынған өлшеу нәтижелері арасындағы айырмашылық жаңғыртушылық шегінен аспауға тиіс. Жаңғыртушылық шегінің мәні 3-кестеде келтірілген.

Осы шартты орындау кезінде өлшеудің екі нәтижесі де тиімді, және соңғысы ретінде олардың жалпы орташа мәні қолданылуы мүмкін.

Жаңғыртушылық шегі артқан кезде ГОСТ ИСО 5725-6 сәйкес өлшеу нәтижелерінің тиімділігін бағалау әдістері қолданылуы мүмкін.

13.2 Екі зертханалар нәтижелері арасындағы қайшылықтарды шешуді ГОСТ 5725-6 сәйкес жүргізеді.

14 Өлшеу дәлдігі көрсеткіштерінің сипаттамалары

Вольтамперометрия әдісімен су сынамасын талдау кезінде кобальттың, қалайының және қорғасынның массалық концентрациясын өлшеу әдістемесі 7-кестеге сәйкес мәндерден аспайтын қателігі бар өлшеу нәтижелерін алуды қамтамасыз етеді.

7-кесте - Р=0,95 сенімді ықтималдылық кезінде қайталанушылық және жаңғыртушылық көрсеткіштерінің мәндеріне қатысты өлшеу ауқымы

Көрсеткіш атауы	Өлшеу ауқымы, мг/дм^3	Қайталанушылық көрсеткіші (қайталанушылықтың орташа арифметикалық ауытқуы), $\sigma_r\left(\overset{0}{\delta}\right)$, %	Жаңғыртушылық көрсеткіші (жаңғыртушылықтың орташа арифметикалық ауытқуы), $\sigma_R\left(\overset{0}{\delta}\right)$, %
Кобальт	0,01-ден 1,0 дейін қоса алғанда	12	17
Қалайы	0,01-ден 10,0 дейін қоса алғанда	11	15
Қорғасын	0,0002-ден 0,02 дейін қоса алғанда	12	16
	0,02-ден 1,0 дейін	7	9

А қосымшасы
(ақпараттық)

Талдау шарасын оперативті бақылау алгоритмдері

А.1 Жалпы ережелер

А.1.1 Талдау шарасының оперативті бақылауын бақылау құралдарын қолдану арқылы жеке алынған бақылау шарасын іске асыру кезінде алынған ақпарат негізінде орындаушы тікелей жүзеге асырады.

А.1.2 Бақылау құралдарының рөлі мыналарды орындайды:
– бақылауға арналған үлгілер ([3] бойынша АС);
– анықталатын құрауыштың белгілі бір қоспасы бар жұмыс қоспалары;
– тұрақты құрамдағы жұмыс қоспалары.

А.1.3 Талдау шарасын оперативті бақылау схемасы қарастырады:
– бақылау шарасын іске асыруды;
– бақылау шарасы нәтижесін есептеуді;
– бақылау нормативін есептеуді;
– бақылау нормативі бар бақылау шарасының нәтижесін салыстыруды;
– бақылау нәтижелері бойынша шешімдер қабылдауды.

А.2 Бақылау өлшеулері нәтижелерінің қайталануышылығын оперативті бақылау алгоритмі

А.2.1 Кез келген бақылау құралынының параллел анықтауларының екі нәтижесін алады (А.1.2 бойынша).

А.2.2 Параллель анықтаулардың екі нәтижесін ала отырып, қайталанушылықты бақылау схемасын (А.1.3 бойынша) іске асырады. Бақылау шарасының нәтижесі (А.1) тең:

$$r_K = \left| X_1 - X_2 \right|, \qquad (А.1)$$

Қайталанушылықты бақылау нормативі 4-кестеде келтірілген мән n=2 кезінде қайталанушылықтың r шегіне тең. Нәтиже (А.2) шартын қанағаттандыруға тиіс:

$$r_K \le r, \qquad (А.2)$$

А.2.3 Егер (А.2) шарты орындалса, онда екі параллель анықтаулар нәтижелерінен алынған орташа арифметикалық мән ретінде талдаудың бақылау шарасының нәтижесін есептейді.

Егер $r_K > r$, онда қайтадан параллель анықтаулардың екі нәтижесін ала отырып бақылау шарасын қайталайды.

Қайталанушылық шегінің қайтадан артуы кезінде талдау шарасын тоқтатады және қанағатанарлықсыз нәтижелерге әкелген себептерді анықтайды.

А.3 Зертхана ішілік дәлме-дәлдік жағдайында талдау шарасын оперативті бақылау алгоритмі

А.3.1 Осы шараны орындауға арналған үлгілер А.1.2 бойынша бақылау құралдары болып табылады. Бақылауға арналған іріктелген сынама көлемі өлшеуді жүргізу үшін қажетті екі еселенген көлемге (массаға) сәйкес келуге тиіс.

Іріктелген көлемді (массаны) екі бөлікке бөледі және зертханаішілік дәлме-дәлдік жағдайында немесе әртүрлі операторларға, немесе әртүрлі уақытта немесе өлшеудің әртүрлі құралдарын қолдану арқылы және т.б осы стандарт талаптарына сәйкес, сынамаларды сақтау шарттары мен мерзімдерін сақтау кезінде талдайды. Тиісінше $\overline{X_1}$ және $\overline{X_2}$, мг/дм³ алады.

А.3.2 Бақылау шарасының нәтижесін (А.3) формуласы бойынша есептейді:

$$R_{ЛК} = \left|\overline{X_1} - \overline{X_2}\right| \qquad (А.3)$$

Зертхана ішілік дәлме-дәлдікті бақылау нормативін (А.4) формуласы бойынша есептейді немесе белгілейді:

$$R_{Л} = 0{,}84 \times R, \qquad (А.4)$$

мұндағы R – 4-кестеде келтірілген жаңғыртушылық шегінің мәні;

$\overline{\overline{X}}$ – зертхана ішілік (аралық) дәлме-дәлдік жағдайында алынған нәтижелердің орташа арифметикалық мәні.

А.3.3 Зертхана ішілік дәлме-дәлдік жағдайында алынған нәтижелерді ($\overline{X_1}, \overline{X_2}$), (А.5) жағдайында қанағаттанарлық деп санайды:

$$R_{ЛК} \le R_{Л}, \qquad (А.5)$$

А.3.4 (А.5) шартын орындау кезінде жалпы орташа арифметикалық $\overline{\overline{X}}$ бақылау шарасының нәтижесі ретінде ұсынады.

(А.5) шартын орындау кезінде өлшеуді қайталайды.

(А.5) шартын қайтадан орындамау кезінде қанағаттанарлықсыз нәтижелерге әкелетін себептерді анықтайды және оларды жояды.

А.4 Қоспалар әдісін қолдану арқылы өлшеуді орындау шарасын бақылау алгоритмі

